

Э. Майшекина

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПРЕЗИДЕНТТІК ИНСТИТУТТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Тәуелсіздік алған күннен бастап бүгінгі күнге дейін Қазақстанда мемлекеттік жүйе, президенттік институт ядросы қалыптасуда. Бүгін жиырма жылға жуық уақытта Қазақстан мемлекеті үлкен асулардан өтті, міне, бұл президенттік институтының мемлекет механизміндегі жетістіктер деп айтуға толық негіз бар деп ойлаймын. Әрине, 1995 жылғы Конституциямызды арқау етеміз [1, 2].

Мемлекеттік биліктің институттарын қалыптастырудың негізгі міндеті жүйе ретінде қоғамның даму деңгейі мен саяси, әлеуметтік және экономикалық жағдайына сәйкес оның саяси және құқықтық рәсімдеуін таңдау болып табылады. Мұндай таңдау мемлекетті қалыптастыруда саяси және құқықтық негізін және мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимылының сипаттамасын анықтайды. Ғылыми талдауда объективті қажеттілік берілген мәселемен, сонымен қатар Қазақстан қатысты ауыспалы қоғамда басқару үлгісінің саяси және құқықтық табиғатын зерттеуде көрінеді. Бұл қазақстандық қоғамның басқарудың қазіргі заманғы және демократиялық үлгіні таңдаудағы бірінші тәжірибесі жөнінде сөз болып отырғаны анық. Бір жағынан, Қазақстан мемлекеті тәуелсіздік алғаннан кейін басталған кезеңде саяси реформаның негізгі мақсаттарының бірі – ауыспалы кезеңдегі қоғамның қажеттілігін толық жүзеге асыру үшін мемлекеттік билікті ұйымдастырудың әдістерінің өзгеруі болды [3].

Қазақстанда президенттік институттың қалыптасуы мен дамуы және мемлекеттік «құрылыстың» қиын процесінің стратегиялық концепциясын, басқарудың берілген үлгісін таңдауды жүзеге асырғандағы жағдайын, саяси және конституциялық табиғатының ерекшеліктерін, барлық заңдылықтарды шығару жоспарында қазақстандық ғалымдар әлі аяғына дейін әзірлеген жоқ.

Қазақстан Республикасының Президенті – мемлекет басшысы, мемлекеттік биліктің және халық бірлігінің кепілі және рәмізі, тұрақты Конституция, азаматтар мен адамның бостандығы мен құқығы.

Негізгі өзгерудің шешуші факторы президенттік институт республикасында қазақстан мемлекетінің барлық қалыптасу процесі табысты іс-әрекет болып табылады. Осыған байланысты басқарудың президенттік үлгісінің қазақстандық нұсқасы- шетел мемлекетінің конституциясының тәжірибесі есебімен қалыптасқан процесс, біздің елдің ұлттық дәстүрі актуалды болып отыр.

Мемлекет - әлеуметтік басқарудың негізгі субъектісі. Мемлекеттің басқарудың нысаны қазіргі таңда мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік, саяси дамуында, халықаралық қатынастарда елеулі, үлкен рөл атқаратыны белгілі. Сондықтан қазіргі кезде өте бір өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Президенттік институт - әр кез ауысып отыратын экономикалық, әлеуметтік, саяси, халықаралық шарттарды көрсететін конституциялық институт болып табылады. Қазіргі таңда, ол- еліміздегі ең жоғарғы институт болып табылады. Ол, сонымен қатар үкіметті, министрліктерді, ведомстваларды және бюрократия аппаратын қосатын атқарушы биліктің шыңы. Тарихи кезеңде жақында ғана пайда болып, әлемге кең таралды. Президентураның классикалық және негізгі модельдеріне негізделген көптеген түрлері бар.

Қазіргі заманда негізінен үш республикалық басқару түрі бар: президенттік республика, парламенттік республика және жартылай президенттік республика. Осы үш модельде зерттеліп Қазақстан практикасында қысқа мерзімде қолданылды да.

Қазақстандағы президенттік басқарудың қалыптасуы мен дамуы барлық елдер үшін ортақ, үлгілі Конституция жасауға болмайтыны сияқты, президенттік институттың да барлығына ортақ нысан болмайды. Әрбір мемлекет басшысының іс-әрекеті оның конституциялық-құқықтық мәртебесімен ғана емес, сондай-ақ жеке басының қасиеттерімен айқындалады. Мысалы, Франциядағы президенттік Республиканың дамуында Президент Миттеранның Президент де Голден ерекшелігі болды, француз мемлекетін басқару ісіне

Жак Ширакта өзіндік үлес қосып отыр. АҚШ-тың қырық үш Президенті басқарған жылдарында президенттік басқаруда елеулі айырмашылықтар болды. Президенттік басқаруда елеулі айырмашылықтар болды. Басқарудың президенттік нысанның қалыптасуы және дамуында біздің елімізде Қазақстан Республикасының бірінші президенті Н.Ә. Назарбаев айрықша рөл атқаруда.[4,116.]

Жас егеменді Қазақстан мемлекеттік-саяси құрылымы тоқсаныншы жылдардың бірінші жартысында қалыптасты. 1993 жылы қабылданған Конституция бойынша мемлекеттік өкімет билік заңдық, атқару және сот билігі болып бөлінеді. Атқарушы өкімет билігінің біртұтас жүйесін басқаратын мемлекет басшысы ретінде президенттік билік орнады. Қазақстан Республикасы-демократиялық, зиялы және біртұтас (унитарлық) мемлекеттік сипатын алды. Егеменді мемлекеттің күшті президенттік республика құру бағытында дамуы басты стратегиялық мақсатқа айналды.

Президенттік билікке көшу- объективтік заңдылық. Саяси жүйенің бұл түрдегі ерекшелігі-президент қоғамнан, партиялардан, парламенттен және барлық билік институттарынан жоғары тұрып, олардың жұмысын үйлестіріп, бағыттап отырады. Қоғам өмірінің өтпелі, төтенше кезеңдерінде ол Конституцияның бірден-бір кепіліне және мемлекеттік егемендіктің нақты көрінісіне айналды.

Дүниежүзіндегі көптеген демократиялы елдердің тарихи тәжірибесі көрсеткендей бұл ел басқару түрінің бірден-бір пәрменді түр екендігі Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде ерекше дәлелденді. Осы тоқсаныншы жылдардың басында кешегі Одақтың көптеген аймақтарында саяси тұрақтылық бұзылып, азаматтық және ұлттық тартыс-қақтығыстар бел алған тұста Қазақстан экономикалық құз шатқалға құлап кетудің аз-ақ алдында тұрды. Мемлекетті осы апттан жедел алып шығу президенттік биліктің басты мәселесі болды.

Сонымен қатар әлемдік қауымдастықтың дамуының объективті заңдылықтары, бір партиялық жүйені жою, нарықтық экономикалық қатынастардың қалыптасуы, билікті тармақтарға бөлу, Қазақстанда президенттік институтын орнатуды және нығайту талап етті.

1991-1992 жылдары президенттік институттың қалыптасуы негізін қалаған Мемлекет егемендігі туралы декларация мен Мемлекеттік тәуелсіздік туралы ережелер 1978 жылғы қабылданған ҚазССР Конституциясына қайшы келетіндігі айқын байқалды. Егер Конституция бойынша мемлекеттік биліктің жоғарғы органы Жоғарғы Кеңес болса, ал «Қазақ ССР Президенті қызметін тағайындау және Қазақ ССР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақ ССР-ның заңы бойынша мемлекет басшысы Президент деп жарияланды. Әрине, бұл жағдай қарама-қайшылық тудырды. Тіптен қалыптасқан жағдайда «қос биліктік жүйе» қалыптасты: Президент және Жоғарғы Кеңес [4,116.].

Жаңа Конституцияны қабылдау мәселесін тез шешу қажет болды. Конституция екі жылға жуық дайындалып, ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1992 жылғы 2 маусымдағы «ҚР Конституциясының жобасы туралы» қаулысына сәйкес бүкілхалықтық талқылауға ұсынылды. Тек содан кейін ғана Конституциялық комиссиямен толықтырылып, 1993 жылы 28 қаңтарда Жоғарғы Кеңестің тоғызыншы сессиясында қабылданды. Нәтижесінде жаңа Конституция қабылданып билік іске асты.

Алайда 1993 жылғы 28 қаңтарда қабылданған Конституция Президент өкілеттігі мен мәртебесіне қатысты қайшылықты өзгерістер енгізді. Конституция Президент пен Жоғарғы Кеңес мәртебелерін жоғарлатуға бағытталған тұжырымдарды нақтылай түсті. Бірақ Конституцияның Жоғарғы Кеңеспен қабылдануы, Жоғарғы Кеңеске өз үстемдігін сақтап қалуға толық мүмкіндік берді. Конституция бүкіл халқының атынан сөйлеу құқығы Жоғарғы Кеңес пен Президентте дей отырып, бірінші орынға Жоғарғы Кеңес қойылды [2].

Қазақстан Республикасы Президенті «мемлекет басшысы және оның атқарушы биліктің біртұтас жүйесінің басшысы, республика заңдары және Конституциясы, азаматтар бостандығы мен құқықтарының кепілі» болды.

Осы Конституцияда Президент өкілеттігі біршама кеңейтілгенімен, Жоғарғы Кеңеспен қарым-қатынасы қарама-қайшылықты жағдайда сақталды. Яғни, Жоғарғы Кеңестің бұрынғы өкілеттіктерінің сақталуы саяси жүйеде қалыптасқан «қос биліктік» жағдайға негіз болды.

Мысалы, Президент пен Жоғарғы Кеңес арасындағы тайталас ережеге референдум өткізу туралы шешім қабылдау құқығын жатқызуымызға болады. Референдум өткізу туралы шешімді Президентте, Жоғарғы Кеңесте қабылдай алды.

Ал осы кездегі Қазақстанның басқару формасын таза президенттік немесе аралас, жартылай президенттік басқару деп сипаттау қиын. Себебі Конституцияда екі басқару формасының белгілері бар. 1993 жылғы Конституцияда Президентпен қатар вице-президент лауазымы болды. Вице президент Президентпен қатар сайланып, Президенттің тапсыруымен оның кейбір қызметтерін атқарды. Бұл АҚШ-та қалыптасқан таза президенттік басқарудың белгісі. Тағы айқын белгінің – ол Қазақстан Президентінің мемлекет басшысы және оның атқарушы биліктің біртұтас жүйесінің басшысы болуы. Бірақ АҚШ-та премьер–министр лауазымы жоқ әрі АҚШ Президенті Конгресс қабылдаған заңға тыйым салып, заң шығару билігіне қарсы шыға алады.

Вице президент лауазымы артық құрылым ретінде 1995 жылға дейін өмір сүрді. Ал 1995 жылғы Конституцияда бұл лауазым сақталмады.

Ендігі мақсатамыз осы 1995 жылы бүкілхалықтық референдумда қабылданған қазіргі Конституциямыз мемлекетіміздегі президенттік институтының қалыптасуы мен дамуын бір жолы немесе кілті болып отырған негізгі заңға тоқтала кетсек [5, 576.].

Президенттік институтының қазіргі мемлекеттегі орны мен роліне қысқаша тоқтала ҚР-да басқарудың президенттік үлгісінің қалыптасуы және конституциялық статустың мағынасы мемлекеттің басшысы ретінде тоқталамыз.

Қазақстан Республикасында басқарудың президенттік үлгісінің дамуы және қалыптасу табиғатын зерттеу контекстінде мемлекет егемендігін алғандағы мәселелерді ашу және әзірлеу, әрқашан мемлекеттік құрылыс сұрақтарымен өзара тығыз байланысты.

Қазақстан Республикасында президент институттарының дамуы және қалыптасуына бағытталған, мемлекеттік саясатты теориялық және методологиялық талдау, мәселені анықтау, Қазақстанда президент институтының қалыптасуы мен дамуы, елде президент институтының қалыптасу процесінде туындаған мәселені шешуді көрсету және шығару болып табылады. Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттіктері оның мемлекеттік механизм мен мемлекеттік билікті бөлісу жүйесінде алатын орны мен ролі оның конституциялық құқықтық қатынастағы мәртебесін айқындайды. Ол біріншіден, Қазақстан Республикасының Президенті – мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және өкілдік ететін ең жоғарғы лауазымды тұлға. Аталған конституциялық норманың мазмұнына жүгінсек, бүгінгі таңда мемлекеттің даму стратегиясын, оның ұзақ мерзімді біріншілігін, эволюцияның жалпы бағдарламаларын анықтау ҚР Президентінің мойнына жүктеледі. Өзіне жүктелген қызметтерді атқару мақсатында ҚР Президентіне нақтылы өкілеттіктер берілген. Осылардың қатарында ең маңыздысы оның заң шығару, атқару және сот биліктері салаларындағы өкілеттіктері. Бұл ретте Президент билік тармақтарының өзара келісімді іс- әрекетін қамтамасыз ету өкілеттігіне ие [6].

Президенттік институт көптеген маңызды және өзара байланысты аспектілерге ие.

- басқарудың президенттік үлгісінің дамуы және қалыптасудың теориялық аспектілерін зерделеу, оны ауыспалы қоғам жағдайы сияқты Қазақстан Республикасында оны ұйымдастыру және жүзеге асыру;

- нормативті көздерді зерделеу: 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы (III бөлім), 26.12.1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясының заңы, «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (6.05.1999 ж.), 20.07.2000 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы, «Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті» және басқалар;

- елдің қоғамдық-саяси және әлеуметі -экономикалық тұрақтылығы мен қайта ұйымдас-тырудың қажеттілігіне толық жауап беруші ретінде Қазақстанда басқарудың президенттік үлгісінің конституциялық нұсқасын таңдауды негіздеу.

- мемлекет басшысының конституциялық статусын анықтау: негізгі элементтер;

- Қазақстан Республикасының Президентін сайлаудағы сұрақтар және оның қызметіне енуі: сайлаушы цензалар; таңдаудың қорытындыларын анықтау; Қазақстан Республикасының Президентінің анты;

- Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттілігінің уақытын ұзарту сұрақтарын зерделеу, Қазақстан Республикасының Президенті қызметінен босату, Қазақстан Республикасы Президентінің жауапкершілігі және мемлекеттік сатқын жасаған кезде қызметтен босатуды шешу, Қазақстан Республикасының Президентінің өкілеттілігінің ауысуы.

- Қазақстан Республикасы президентінің Конституциялығының өкілеттілігін қарастыру: заңнамалық аумағында; заңнамалық процеске қатысу; заңнамаларды халықтандыру және жазылу; Қазақстан Республикасы Президентінің құқық шығармашылық қызметі [7].

Қазақстан Республикасы Президентімен заңнамаларды шығару, сонымен қатар Конституциялық немесе қарапайым заңдар мен нұсқаулық күші бар жарлықтар: олардың заңдық жарлықтары: олардың заңдық сипаттамалары; орындаушы билік сферасында: Қазақстан Республикасы Басқармасының және басқа мемлекеттік басқарудың орталық органдарын ұйымдастырда, сонымен қатар олардың қызметін бақылау, ерекше статуспен мемлекеттік органдарды іске асыратын ұйымдар және басқалар; ішкі саяси қызметті басқару: ішкі саясаттың негізгі бағытын анықтау, республиканың дипломатиялық басқарманың басшыларының тағайындалуы мен сын-пікірі, республикалық халықаралық келісім шарттарға қол қою мен сөйлесуді жүргізу;

Қазақстан Республикасы Қарулы күштерді Жоғарғы басты басқарушысы ретінде республиканың қауіпсіздігі мен қорғау сферасында, қарулы күштерді жоғарғы басқарушыны тағайындау, ерекше жағдайды енгізу, сонымен қатар әскери жағдай, бөлек немесе жалпы жұмылдыруды хабарландыру;

азаматтық, қызметтік тұлға және мемлекеттік қызметшілердің құқықтық жағдайының сұрақтары бойынша; республиканың мемлекеттік құрмет белгілерімен марапаттау, құрметтік және басқа атақ пен жақсы шендерді беру, азаматты қабылдау рақымшылық және басқалар.

- Қазақстан Республикасы Президентінің қызметін қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасы Президентінің әкімшілігі.

- жалпы және жеке заңдылықтар, сонымен қатар басқарудың президенттік үлгісін таңдаудың ерекшеліктері және Қазақстан Республикасы мысалында, Кеңестік мемлекеттен кейінгі президенттік институттарды белгілеу, сонымен қатар әзірлеуді кең қолдану үшін ғылыми және тәжірибелік ұсынымды дайындау және Қазақстанның жаңа мемлекеттік құрылысы бойынша саяси ойлардың жетістігі, қоғамдық ауыспалы түрде саяси құрылыстың жаңа үлгісін ендіру стратегиясы мен тактикасы [8].

Қазақстан Республикасында президенттік басқару жүйесі тәуелсіздікпен тұтас қалыптасып дамып келе жатқанына баріміз куәміз. Еліміздің тәуелсіздігін нығайту жолында күшті президенттік билік жүйесі қажет, әрине бұл мемлекеттік тұтастануға үлкен ықпал жасайды. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Президентке үлкен өкілеттіктер берілген. Осы өкілеттіктердің арқасында заман талабына сәйкес дамудамыз. Қазақстан Республикасында Президенттің негізгі тарихи атқаратын рөлі еліміздегі саяси-тұрақтылық пен биліктің тұтастығын сақтау, Конституция Президентті осындай өкілеттіктермен толық қамтамасыз еткен.

Қазақстан Республикасындағы Президент институтының қалыптасуының негізінде, оның жоғарғы тұрақтылығының өлшемі алынды және әлеуметтік-экономикалық процестерге тиімді ықпал етуі негізделді, билік тармақтары бөлінуінің әмбебаптық сипаты мойындалды [4,176.].

Біздің мемлекетіміздің Конституциясында бекітілген Республика қызметінің түбегейлі принциптерін (бұл: қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық, барша халықтың игілігі үшін экономикалық даму, мемлекеттік өмірдің неғұрлым маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен шешу) сақтау мен іске асыру елдің орнықты әлеуметтік-экономикалық және саяси-құқықтық дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік берілген осыны жүзеге асыру Қазақстандағы президенттік институттың қалыптасуы мен дамуы болып табылады.

Қазақстандағы президенттік институттың тіршілік ету барысында мемлекет үлкен жетістіктерге қол жеткізді, ол-демократиялық саяси жүйенің көрсеткіші ретінде ұлттық егемендіктің орнауы. Еліміздегі саяси және экономикалық тұрақтылық пен даму. Осыған байланысты 2010 жылғы Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету, бірінші кезекте президенттік билік институттың демократиялық үрдіспен дамуының көрінісі болып табылады.

Сонымен қатар Қазақстан мемлекеті алдында әлемдік мемлекеттер арасында бәсекелеске қабілетті 50 ел қатарына кіру үлкен мақсаттары тұр, сондықтан президенттік институт алдында жаңа міндеттер мен сынақтар тосуда.

1. Қазақстан Республикасы Конституциясы:1995 жылғы (2007 ж өзгертулер мен толықтырулар енгізілген). -Астана: Елорда, 2008.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы . -Алматы, 1993.
3. Қазақ ССР-нің мемлекеттік егемендік туралы:Қазақстан Республикасының конституциялық Заңы// Егемен Қазақстан.-1991. - 16 желтоқсан. - Б.1-2
4. Мадалиева А.А. Қазақстанда Президенттік билік жүйесінің қалыптасуы: Автореферат –Алматы,-2008.- 11-17 б.
5. Нұрымбетова Г. Қазақстандағы Президенттік институт бастаулары// Қоғам және Дәуір. - 2010№2. – Б. 54-57.
6. Нургалиева М.М. Роль института президенства в процессе конструирования национальной идентичности Казахстана//Известия.-2009 №5.- С.128.
7. Сартаев С.,Назаркулова Л. Қазақстан Республикасы Конституциясы кезеңдері.- 2005 ж.-165-186 б
8. Сартаев С.С., Күнқожаева Г.Н. Қазақстан Республикасында билікті бөлу және оларды жүзеге асыру принциптерінің қалыптасуы: Оқу құралы. - Алматы: Жеті жарғы, 2002.-64-69.-б.

О. Шарипов

АЗАМАТТАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Азаматтардың кез келген заңды әдістермен ақпаратты еркін алу және тарату, бұқаралық ақпаратқа еркіндік беру және қоғамдық ұйымдардың еркін жұмыс істеуіне, ҚР Конституциясымен жарияланған құқықтары шынымен жүзеге асырылды.

Ақпараттық қарым-қатынастардың конституциялық құқықтық реттеу жүйесі конституциялық құқықтардың базалық категорияларына, атап айтқанда, конституциялық құрылыстың, Қазақстан азаматтарының құқықтық мәртебесін белгілеу және бекіту, азаматтық институттарын, әкімшілік мемлекеттік құрылымға және мемлекеттік органдар жүйесінің негіздеріне сүйенеді. Дүниежүзілік ақпараттық кеңістіктің толық мүшесі болуды мақсат қойған мемлекеттің азаматтарының ақпараттық құқықтары олардың білімімен және қоғамның құндылықтарымен алмасуға, яғни ақпараттық айналымға, ақпараттық алмасуға белсенді қатысу қажеттілігімен белгіленеді. Сонымен бірге белгілі сатылардан тұратын, ақпараттық құқықтар шеңберін құрайтын ақпараттық алмасудың ерекшелігін есепке алу қажет. Оларға ақпаратты өндіру, тарату және тұтыну сатыларын жатқызу керек.

Азаматтардың құқықтары мен еркіндіктері жүйесіндегі ақпараттық құқықтар тобы ақпаратқа бағытталуымен ерекшелейді, ол осы құқықтарды іске асыру мақсаты болады. Сонымен бірге олардың бәрі әлеуметтік құндылықтардың негіздеріне сүйенеді, олар «құқықтық доктрина мен тәжірибе, азаматтардың ақпаратпен алмасуға қатысудың заңдық кепілдіктері ретінде рәсімдейді, ол - түрлі пікірлер болуының құндылығы, оларды білдіру, пікірлерінің ескеруіне өкіметтің ықпалы және мұндай ескеруді тексеру» [1,17, б.].

Ақпараттық құқықтарды талдау ақпараттық құқықтарды жан-жақты позициялардан жіктеуіне мүмкіндік береді, мысалы, Ж. Баишев конституциялық нормалардың негізінде келесілерді атап өтті:

- сөз еркіндігі;